

**Қазақ тілі мен әдебиет пәні
бойынша өткізілген айлық
жұмысына есеп.**

№ 2 ХМГ –ның ғылыми-әдістемелік мәселесі:

«Танымдылық іс-әрекетінің белсенділігін арттыру және білім сапасын көтеру мақсатында жаңашыл педагогикалық технологияларды қолдану».

2012-2013 оқу жылындағы ХМГ-ның зерттеу жұмысының тақырыбы:


«№2 ХМГ-дағы жаңашыл білім беру жұмысының нәтижесі ретінде мектепішілік медиаорталық құру (Бұқаралық ақпарат құралдары)».

ПӘЗК (пәнаралық әдістемелік зерттеу кафедрасы) мәселесі:

Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасында электрондық оқулық жасау мақсатында дидактикалық материалдарды жүйелеу.

Қазақ тілі және әдебиет пәнінің айлығы бойынша өткізілген іс-шара жоспары.

№	Тақырыбы	класс	Өтетін мерзімі	Мұғалімі
1	Газеттер шығару		14.11.12.	
2	Ашық сабақ «Қыс»	3 а	19.11.12	Усенбаева А.О.
3	Ашық сабақ «Астана – бас қала»	4в	21.11.12.	Габдолла Р.К.
4	Ашық сабақ «Менің қалам »	6а	27.11.12	Сарсенбай Н.С.
5	Кластан тыс жұмыс «Абай дана - Абай дара қазақта»	8а	24.11.12	Усенбаева А.О
6	Кластан тыс жұмыс «Ғажайып ертегі әлемінде»	4в	28.11.12	Габдолла Р.К.
7	Ашық сабақ «Табиғат ғажайыптары»	10а	30.11.12	АлмаганбетоваБ.С.
8	Кластан тыс жұмыс « Қазақтың дарабоз ақыны- Мағжан Жұмабаев»	10 а,б	28.11.12	АлмаганбетоваБ.С
9	Ашық сабақ «Ұлттық киімдер»	9б	31.11.12	Кубегенова К.У.
10	Ашық сабақ «Алматы қаласы»	5а	11.12.12	Кадыржанова Г.Б.
11	Кластан тыс Жұмыс «Тапқыр достар»	5а	29.11.12.	Кадыржанова Г.Б.
12	Кластан тыс жұмыс «Аяласаң, табиғатты аяла »	8а. 9б	8.12.12.	Кубегенова К.У.
13	Ашық сабақ «Ас адамның арқауы»	7а	10.12.12	Байсалхан М.Ш.
14	Кластан тыс жұмыс « Тазалық денсаулықтың кепілі »	6б	7.12.12.	Сарсенбай Н.С.
15	Кластан тыс жұмыс «Абай-ақын, Абай - ұстаз »	7а	12.12.12	Байсалхан М.Ш.



*10 “а” класында Алмаганбетова Б.С
сабагында оқушылар «Ғажайып табиғаты» тақырыбына бірнеше
жоба жұмыстарын көрсетіп, қорғады*



*«Ақбөкен- сахараның
ботакөзі»,*



«Аққулар көлдің еркесі»,



«Алма».

Әркімнің өз ағашы бар



Табиғат-тіршілік көзі. Сондықтан адам табиғатпен тығыз байланыста болатындығына дәлел ретінде, сабақтың «Меңгеру кезеңінде» табиғатта астрологтар, жұлдыз күнтізбесі бойынша, әр адамның бойына күш-жігер, жақсы энергия беретін өз ағашы бар екендігі туралы айтты

ЕГІЗДЕРГЕ - АЛМҰРТ




Егіздер үшін алмұрт
ағашынан жақыны жоқ.

САРЫШАЯНДАРҒА - ҚАРАҒАЙ



Сарышаян жұлдызында-
ғылардың ағашы - қарағай

Мергендер - қайың



Мергендерге қайың
көмекке келеді



АРЫСТАНДАРҒА - ЕМЕН



Арыстандар үшін
рухани және дене
күшін сыйлауда емен
ағашы лайық

- *Бұл оқушының дүниетанымын кеңейтумен бірге сабаққа, табиғатқа деген қызығушылығын оята білді, табиғатты сүйе, қорғай білуге бағыттады. Оқушылар меңгеру кезеңінде өз ағаштары көрсетілген кеспе қағаздарын таңдап алып, ағаш тарына өз тілектерін жазды*





10«а,б»кластарымен “Қазақтың дарабоз ақыны – МағжанЖұмабаев” тақырыбында әдеби кеш өткізді. Оқушылар ақынның өмірі, шығармашылығына презентация жасап, толық мәлімет берді, “Сағындым” өлеңі бойынша көрініс жасап, “Батыр Баян” поэмасы бойынша көрініс қойды. Әдеби кеште Мағжанның өлеңдері, әндері орындалды.



Мағжанның анасы Фатима Садриева Мағжан



Мағжанның әтесі Сабиржан




Мағжанның әтесі Мұхамеджан Брат Мағжана Мұхамеджан



Мағжанның анасы Қалыкжан әйелімен Брат Мағжана Қалыкжан о әулетімен



Мағжан Жұмабаев. Ташкент қаласы. 1928 жыл
Мағжан Жумабаев, г. Ташкент, 1928 год



Мағжанның ұстазы Ахмеджан Ахмеджанов
Учитель Мағжана Ахмеджанов



Мағжан Жұмабаев

Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?
Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар?
Көкте – бұлт, жерде – желмін гулеген,
Жер еркесі - желдің жөнін кім сұрар?

„Қазақ әдебиетінің көгіндегі күнге „
Ж.Аймауытов



Усенбаева Айнұр. 3 «А» класында ашық сабақ берді. Сабағында оқушылар қыс туралы жоба қорғады, сөз жұмбақ шешті, сурет бойынша мәтін құрастырды, сабаққа белсенді қатысты, неше түрлі сурет, коллаж, композицияларды «қыс» тақырыбына жасады, өлең оқып – жылдың әдемі мезгілі – қысты суретпен берді.

Тақырыбы: Қыс

Мақсаты: Қыс туралы мәлімет беру, дыбыстарды дұрыс айта білуге, дұрыс жаза білуге дағдыландыру.



АНЫҚТАЙЫҚ

				к	а	р
т	а	м	ш	ы		
				с	у	

1. Қыста гана болады
Ұстасаң, қолың
тоңады.

2. Мұрны жоқ шымшық
мұз тесер.

3. Жылт – жылт еткен,
Жырадан өткен.



Меңгеру практика кезеңінде оқушылар топқа бөлініп, 1- топ “қысқы демалыста”, 2- топ “қысқы табиғат”, 3- топ “мұз айдынында” тақырыптарына суреттер сөйлейді жұмыс түрінде өз презентацияларын жасап, қорғады.



Өзіндік жұмыс кезеңінде оқушылардың бірнеше жұмыс түрін орындауынан тақырып толық, тез жоғары деңгейде жетік меңгерілгендігі байқалды. Сабақ өз мақсатына жетті, жоғары бағаланды.



Ашық тәрбие сағаты

"Абай дана -



Абай дара
қазақта"



**Өлді деуге сыя ма, айтыңдаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған.**

Абайдың өлеңдері

- ❖ Абай және ғылым.
- ❖ Абай және қазақ елі.
- ❖ Достық – махаббат тақырыбы.
- ❖ Абай және сөз өнері.
- ❖ Табиғат лирикасы.



Абайдың поэмалары

- > "Масғұт"
- > "Ескендір"
- > "Әзім әңгімесі"



Оқушылыр Абайдың
шығармашылығынан үзінді

Абай - сазгер

- > "Көңіл құсы құйқылжыр"
- > "Құлақтан кіріп бойды алар"
- > "Көзімнің қарасы"
- > "Желсіз түнде жарық ай"
- > "Айттым сәлем Қаламқас"



Абайдың қара сөздері

- > 1-сөз.
- > 7-сөз.
- > 31-сөз.
- > 37-сөз.



Ғабдолла Римма Қаниқызы 4 «в» класында «Бейбітшілік қала-Астана» ашық сабақ өткізді. Сабақ барысында оқушылар жоба қорғады, Астана туралы көп мәлімет жинап, еліміздің бас қаласына сырттай саяхат өткізді.

Жаңа тақырып бойынша сөздік жұмыс, мәтінмен жұмыс, таратпа қағаздармен, интерактивті тақтамен жұмыс жасады.

Тақырыбы: **Бейбітшілік қаласы**

Мақсаты: **Еліміздің бас қаласы Астана туралы мәлімет беру, туған елінің даңқын арттыру.**

			А	л	м	а	т	ы	
		Е	с	і	л				
Б	ә	й	т	е	р	е	к		
		П	а	р	и	ж			
О	т	а	н						
			А	қ	м	ы	р	з	а

- 1929-1997 жылдары Қазақстанның астанасы болған қала.
- Астана қай өзеннің бойында?
- Астананың символы.
- Францияның астанасы?
- ... үшін отқа түс, күймейсің!
- «Бәйтерек» монументін жобалаған сәулетшінің есімі?

ҚҰПИЯ СӨЗДЕР


Сәулетші- архитектор

Жобалаған – спроектировал

«Бейбітшілік қаласы»- «Город мира»

«Достық пен келісім» сарайы – Дворец дружбы и согласия

Мемлекет басшылары – главы государств






5 «А» класында Қадыржанова Г.Б. «Тапқыр достар» атты сайыс сабағын өткізді. Оқушылардың арасында қызықты ойын ұйымдастыра отырып, өзара жақындық, жылулық ұялату бәсекелестігіне баулап отырды. Оқушылар сайыста өлең, тақпақ оқып, би орындады, ребус, шарада шешті, қазақтың достық туралы мақал-мәтелдерін айтты, жұмбақтар шешті. Кластан тыс жұмысы өте қызықты өтті.





Жас маман, биыл екінші жыл жасап келген, Сәрсенбай Нәзгүл Сарсенбайқызы 6 «а» класында «Менің қалам», «Көмекші есімдер» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Мұғалім сабақта 11 түрлі жұмыс өткізді, оқушылар тақырып бойынша жоба қорғап, «Менің қалам» тақырыбына әңгіме құрастырып, грамматикалық тапсырмалар орындады, интервью жүргізді, Устабаев Диас «Менің қалам – Хромтау қаласы» атты жоба қорғады. Хромтау туралы толық мәлімет берді. Басқа оқушылар да Хромтау туралы әңгіме құрастырды. Мұғалім сабақта неше түрлі әдістер қолданды



Грамматиканы ойын ретінде өткізді, сабақта жақсы жасаған Диас, Глеб, Рома, Виолетта, Гүлмира, Айша, Кирилл, Полина. Бұл оқушылар өз ойларын, пікірлерін қазақ тілінде сауатты, қатесіз орындай білді. Интерактивті тақтаны пайдаланып, Хромтау қаласы туралы кластер жасады. Сабақ мақсатына жетті, мұғалім сабақта уақытын тиімді пайдаланды қойған бағалар нақты болды, оқушылардың сабаққа қызығушылығын артыра білді.



Тақырыбы: Менің қалам



*Жобаны дайындаған:
Устабай Диас
6 "А" кл.оқушысы*

Хромтау

Ауданның орталығы – Хромтау қаласы.
Қаланың климаты континентті ауа райымен ерекшеленеді.
Қала территориясы 2404 га. Халық саны 21.715. Қалада негізінен кеншілер тұрады. Ұлттық құрамы бойынша, қазақтар – 13.060, орыстар – 6032 адам, басқа ұлттар – 2633. Жергілікті тұрғындар қала халқының 60 пайызын құрайды.



Мәдениеті мен өнері

Қаламызда Кеншілер мәдениет үйі, 2 кітапхана, аудандық және комбинаттың мұражайлары қызмет етеді.

